

Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 ақпандада № 20075 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 105 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 105 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналардың:

1) "Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 250 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8080 болып тіркелген, 2012 жылғы 27 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" газетінде № 852-856 (27927) жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 18 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18297 болып тіркелген, 2019 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы

E. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Каржы нарығын реттеу

және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 24 ақпандығы
№ 14 қаулысымен бекітілді

Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын занды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын занды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды үйимдастыру қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 105 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын занды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын занды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды үйимдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының (бұдан әрі – банктер), банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын занды тұлғалардың (бұдан әрі – инкассаторлық үйымдар), қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын занды тұлғалардың (бұдан әрі – уәкілетті үйымдар) және олардың филиалдарының кассалық операцияларды, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру үшін пайдаланатын үй-жайларын күзетуді және жайластыруды үйимдастыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидаларда мына үйымдар пайдаланылады:

1) бокс – қолма-қол ақшаны және құндылықтарды тиесу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыру үшін көлік құралын орналастыруға арналған оқшауланған үй-жай;

2) касса – қолма-қол ақшаны қабылдау, беру, ұсақтау, айырбастау, қайта санау, сұрыптау, орау бойынша кассалық операцияларды жүзеге асыруға арналған арнайы жабдықталған үй-жай;

3) кассалық торап – банктің, инкассаторлық ұйымның кассалық операцияларды, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкасациялау бойынша операцияларды жүзеге асыруға арналған арнайы жабдықталған үй-жайлардың жүйесі;

4) қойма – қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтауға арналған арнайы үй-жай;

5) қойма алдындағы бөлме – қоймаға кіретін жердің алдында орналасқан, қолма-қол ақша мен құндылықтарды қоймаға кіргізуге және одан шығаруға арналған үй-жай;

6) қолма-қол ақша – ұлттық және шетел валютасының банкноттары мен монеталары ;

7) қолма-қол ақшаны қайта санауға арналған үй-жай – қолма-қол ақшаны қайта санауға арналған арнайы үй-жай;

8) мобиЛЬДІ кассалық торап – Қағидалардың 10-тармағында көзделген жағдайларда кассалық операцияларды жүзеге асыруға арналған банктің стационарлық не стационарлық емес үй-жайы (орны);

9) операциялық зал – кассаның алдында кассалық тораптан тыс орналасқан, клиенттерге банктік қызмет көрсетуге арналған үй-жай;

10) орталықтандырылған күзет пункті – күзетілетін объектінің дабыл сигналдарын қабылдауға және қарулы күзеттің одан әрі ден қоюына арналған объектіні күзетудің стационарлық техникалық пункті;

11) сейф бөлмесі – қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтауға арналған, сейфтер (металл шкафтары) орнатылатын, арнайы жабдықталған үй-жай;

12) тиеу-түсіру алаңы – бөгде адамдардың қолжетімділігі мен қарап шығуын болдырмайтын, қолма-қол ақшамен және құндылықтармен тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыруға арналған арнайы белінген орын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Күзетті ұйымдастыру тәртібі

3. Банктер, инкассаторлық ұйымдар, уәкілетті ұйымдар кассалық операцияларды, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкасациялау бойынша операцияларды, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға арналған үй-жайлардың күзетін қамтамасыз етеді.

Банктердің, инкассаторлық ұйымдардың, уәкілетті ұйымдардың кассалық операцияларды, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкасациялау бойынша операцияларды, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға арналған үй-жайларын қарулы күзет посттарын қою жолымен не

орталықтандырылған күзет пунктіне түсken дабыл сигналы бойынша күзетіletіn объектіге бару жолымен жеке күзет ұйымдары күзетеді және Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталады.

Орталықтандырылған күзет пункті жоқ елді мекендерде күзетіletіn үй-жайлардан дабыл және өrt сигнализациясы күзет постында орнатылған қабылдау-бақылау құралына, орталықтандырылған бақылау пультіне беріледі. Банктердің, инкассаторлық ұйымдардың, уәкілетті ұйымдардың кассалық операцияларды, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға арналған күзетіletіn үй-жайынан дабыл сигналдарын тиісті ұйым басшысының және (немесе) учаскелік полиция инспекторының тұрғын-жайына беруге жол беріледі.

4. Банктердің, инкассаторлық ұйымдардың, уәкілетті ұйымдардың кассалық операцияларды, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға арналған үй-жайларын күзету Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес күзет қызметіn көрсету туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

5. Кассалық операцияларды, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға арналған үй-жайлардың өrt қauіpsіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бастапқы өrt сөндіру құралдарымен және өrt автоматикасымен жабдықталады.

3-тaraу. Кассалық операцияларды, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүзеге асыруға арналған банктердің, инкассаторлық ұйымдардың үй-жайларын жайластыру тәртіbi

6. Банктерде кассалық операцияларды жүзеге асыру үшін кассалық торап жабдықталады.

7. Кассалық торапқа мынадай үй-жайлар кіреді:

- 1) қойма және (немесе) сейф бөлмесі;
- 2) қойма алдындағы бөлме (қойма болған кезде);
- 3) касса;
- 4) қолма-қол ақшаны қайта есептеуге арналған үй-жай.

Қолма-қол ақшаны қайта есептеу үшін үй-жайдың болу қажеттілігін банк дербес айқындейдьы.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Кассалық торап басқа өндірістік, қосалқы, жертөлелік және қызметтік үй-жайлардан қызметкерлер кіріп-шығатын бір есікпен оқшаулануға тиіс.

Бокста немесе тиеу-түсіру алаңында қолма-қол ақшамен және құндылықтармен тиеу-түсіру операцияларын жүзеге асыру үшін қосымша жабылатын есікті жабдықтауға рұқсат етіледі.

9. Қойма және (немесе) сейф бөлмесі мынадай операцияларды орындау кезінде:

1) банкноттардың, монеталар мен құндылықтардың қосымша үй-жайда жұмыстан тыс уақытта сақталуын қоспағанда, оларды күнделікті инкассациялауды ұйымдастырған;

2) кассалық операциялар тек автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғылардың көмегімен жүзеге асырылған жағдайларда банктің қосымша үй-жайында жабдықталмайды.

10. Іс-шараға қатысуышыларға және (немесе) тұрғындарға, сондай-ақ ауылдық жерлерде кассалық қызмет көрсетуді ұйымдастыруды талап ететін іс-шараларды өткізу кезінде жылжымалы кассалық торапты пайдалануға жол беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-тармақтың қолданысы 01.01.2027 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде бұл редакциясында қолданыста болады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Банк кассалық торап үй-жайларындағы терезе саңылауларын қорғау үшін касса қызметкерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және қолма-қол ақша мен құндылықтардың ұрлану мүмкіндігін болдырмайтын металл торларды және (немесе) қорғаныс құралдарымен жабдықталған бұзушылыққа қарсы және оқ өткізбейтін ролеттерді пайдаланады.

12. Қойманың үй-жайының құрылғысы мынадай өлшемдерге сәйкес келеді:

1) қойманың темірбетон қабаты қабырғасының және төбесінің қалындығы кемінде 200 (екі жүз) миллиметр болып айқындалады;

2) қойманың қабырғалары бір мезгілде кассалық тораптың қоршап тұрған қабырғалары болмайды;

3) қойманың бір ғана есігі болады, қоймаға терезелер орнатуға рұқсат етілмейді;

4) қойманың есігі брондалған, қоймаға еніп кетуден қорғауды қамтамасыз етеді;

5) есіктің ойығына бір құлыппен жабылатын ішкі торлы металл есік орнатылады;

6) жаңа кассалық торапты жабдықтаған кезде қойманың барлық периметрі бойынша бақылау дәліздері, қойма қабырғаларын бұзатын жасырын жұмыстардың жүргізілуін қоспағанда, қойманың темірбетон қаптамасының үстіңгі жазықтығы мен жабын

плитасының арасында көзбен шолып бақылау үшін кемінде 500 (бес жұз) миллиметрлік бақылау тесігі көзделеді.

13. Сейф бөлмесінің үй-жайының құрылғысы мынадай өлшемдерге сәйкес келеді:

1) сейф бөлмесінің қабырғалары қалыңдығы кемінде 380 (үш жұз сексен) миллиметр кірпіш немесе қалыңдығы кемінде 200 (екі жұз) миллиметр темірбетон қабырғалардан тұруы тиіс;

2) сейф бөлмесінің ішіндегі қабырғалары, төбесі мен едені периметрі бойынша ұзындығы 150 (бір жұз елу) миллиметрден және ені 150 (бір жұз елу) миллиметрден аспайтын ұяшық құрап, диаметрі кемінде 16 (он алты) миллиметр болатын болат шыбықтардың темір торымен нығайтылады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақтың 3) тармақшасының қолданысы 01.01.2027 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде бұл редакциясында қолданыста болады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3) сейф бөлмесінің есігі металл, қалыңдығы кемінде 4 (төрт) миллиметр, оны екі құлыппен бекітуге болады. Осы сандылауға бір құлыппен жабылатын ішкі торлы металл есік орнатылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақтың қолданысы 01.01.2027 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде бұл редакциясында қолданыста болады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Қоймада және сейф бөлмесінде кассалық операцияларды механикаландыру құралдарына, жарықтандыруға, қауіпсіздік және сигнализация жүйелеріне арналған құбырлар мен электр қуатының кабельдерін қоспағанда, коммуникациялар (энергия ауды және пайдалануды қамтамасыз ететін техникалық құрылғылар, электр беру желілері, газ және су құбырлары, трансформаторлық және сорғы станциялары, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар, бақылау-өлшеу аспаптары) жүргізуге жол берілмейді.

15. Қойма алдындағы бөлменің үй-жайында бір ғана есігі болуы тиіс, терезелер орнатуға жол берілмейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16-тармақтың қолданысы 01.01.2027 дейін тоқтатыла тұрады және тоқтатыла тұру кезеңінде бұл редакциясында қолданыста болады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Касса (кассалар) үй-жайының құрылғысы мынадай өлшемдерге сәйкес келеді:

1) әрбір кассаның құлыппен жабылатын есігі бар жеке кіретін жері болады;

2) кассаның қабырғалары, төбесі мен едені касса қызметкерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қорғаныс құралдарымен жабдықталады;

3) кассаның алдыңғы бөлігінде касса қызметкерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қорғаныс құралдарымен жабдықталған және қолма-қол ақша мен құндылықтардың үрлануын болдырмайтын терезе ойықтары болады;

4) кассаның алдыңғы бөлігі қолма-қол ақша мен құндылықтарды беру үшін арнайы тасымалдау құрылғылармен жабдықталады. Тасымалдау құрылғысын іске қосу және бекіту тетігі жарамды құйінде кассаның ішінде болады.

Кассаның төмен жағының алдыңғы бөлігін 10 (он) бумадан астам банкнотты және (немесе) 5 (бес) қаптан астам монетаны қабылдауға және беруге мүмкіндік беретін инкассаторлық бункермен жабдықтауға жол беріледі;

5) кассалардың арасы кассаларды және тиісінше касса қызметкерлерінің арасында олардың жұмыс орындарын бөліп тұратын қалқалармен жабдықталады;

6) касса бейнебақылау жүйесінің бейнекамераларымен жабдықталады;

7) касса сөйлесу құрылғысымен (микрофонмен) жабдықталады.

17. Алып тасталды - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Автоматты режимінде жұмыс істейтін құрылғыларды пайдалана отырып кассалық операцияларды жүргізу кезінде касса үй-жайларының болуы талап етілмейді.

19. Қолма-қол ақшаны қайта санауға арналған үй-жайлардың құрылғысы мынадай өлшемдерге сәйкес келеді:

1) қолма-қол ақшаны қайта санауға арналған үй-жайының құлышпен жабылатын есігі бар жеке кіретін жері болады;

2) қолма-қол ақшаны қайта санауға арналған үй-жайының қабырғаларын дыбысты басатын материалдармен қаптауға рұқсат етілді;

3) қолма-қол ақшаны қайта санауға арналған үй-жайы кассалық торапта жабдықталады.

20. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкасациялау бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін мынадай үй-жайлардың болуы қажет:

1) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18961 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 шілдедегі № 602 бүйрығымен бекітілген Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымының қағидаларына сәйкес жабдықталған қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға арналған үй-жай;

2) қойма және (немесе) сейф бөлмесі;

3) қойма алдындағы бөлме (қойма болған кездे);

4) бокс немесе тиеу-түсіру алаңы.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген үй-жайларды жайластыру Қағидалардың 12, 13, 14, 15 және 21-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады және үй-жайлар бір-біріне жақын аралықта орналасады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыру үшін құлышпен жабылатын есігі бар кассалық торапқа кіретін жерге жапсарласатын бокс не тиек-түсіру алаңы жабдықталады.

Боксты немесе тиек-түсіру алаңын жайластыру кезінде үшінші тұлғалардың кіруін және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды қарап тұруын шектеу қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-тaraу. Уәкілетті үйымдардың үй-жайларын жайластыру тәртібі

22. Көшеден жеке кіру есігі бар, үйлерде (ғимараттарда, үй-жайларда) орналасқан уәкілетті үйымның үй-жайы мынадай үй-жайларды:

- 1) кассаны;
- 2) операциялық залды немесе клиентке қызмет көрсетуге арналған үй-жайды қамтиды.

Уәкілетті үйымның айырбастау пунктінің үй-жайы құқық белгілейтін құжатта және (немесе) жалдау шартында көрсетілген мекенжай бойынша орналасуға тиіс.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Уәкілетті үйым кассасының үй-жайларын жайластыру Қағидалардың 16-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Көшеден кіретін жеке есігі бар уәкілетті үйымның үй-жайында кіретін металл есік немесе екі қабатты терезелері немесе витражды терезелері бар пластикалық есік орнатылады. Екі қабатты терезелері немесе витражды терезелері бар кіретін пластикалық есік орнатылған жағдайда сол есік ойығындағы металл торлы есіктер немесе сыртынан жарылысқа қарсы және оққа төзімді ролеттер қосымша орнатылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК